

«Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңестің кезекті отырысы
Хаттама №1

Төрайымы А. Үсен
Хатшы-сы Г.Айтмерзаева

Өткізілген уақыты: 25.08. 2025
Қатысқандар саны: 18
Қатыспағандар 5

Тақырыбы: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау

Максатты: мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық -әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру іс-шараларының қорытындысы .
2. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу мен беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат! «Адал азамат, Бір тұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарымен таныстыру .
3. «Дин-Асыл1» б\б 2025-2026 оқу жылына жылдық жұмыс жоспарын, ҰІӨ кестесін, күн тәртібін және педагогтардың перспективалық жоспарларын талдау, бекіту.
4. Педагогтарды аттестаттаудың 2025-2026 оқу жылына педагогтардың кәсіптік санатын көтеру туралы өтініштерін қарау. Аттестаттау комиссиясын құру.
5. Озық іс-тәжірибе жинақтаушы педагогты бекіту.
6. Инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ

Бөбекжай-бақша меңгерушісі А. Үсен сөз алып педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады және 2025-2026 жылы бойынша атқарылған жұмыстарды атап өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі жазғы сауықтыру кезеңіндегі атқарылған сауықтыру шынықтыру шаралары туралы жұмысының есебімен таныстырып өтті. Әрі қарай балабақша әдіскері Байсеитова Мариаш жаз мезгіліндегі балалармен ұйымдастырылған іс-шаралар ойын

сауықтар, мерекелер, спорттық жарыстар, бақылаумен серуендер жазғы сауықтыру жоспарларына сәйкес күнделікті орындалып отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Үсен Ажар 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен, «Адал азамат, Бір тұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарымен таныстырды. Балабақша педагогтеріне 2025-2026 оқу жылында балаларға тәрбие мен білім беруде осы нұсқау хат пен Біртұтас тәрбие Бағдарламасының жұмыс жоспарына сай жұмыс жүргізуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Байсеитова Мариаш 2025-2026 оқу жылына арналған балабақшаның жаздық жұмыс жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібінің жобаларын таныстырды және бекітуді ұсынды.

Топ тәрбиешілері, психолог, музыка жетекшісі 2025-2026 оқу жылына түзген перспективалық жоспарын таныстырды және бекітуді ұсынды.

Сөз сөйлеген балабақша меңгерушісі А. Үсен – ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің бекіткен үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеде Педагогтарды аттестаттаудың 2025-2026 оқу жылына педагогтардың кәсіптік санатын көтеруге туралы өтініштерін қарау талқынланды.

Тәрбиеші Р.Ахметова кәсіптік санатын көтеруге педагог модератор санатына өтуге өтініш білдірді.

Сөз сөйлеген балабақша әдіскері Байсеитова Мариаш педагогтарды аттестаттаудың ережелерімен таныстырып, ережеге сай өтініш берушінің ҰІӨ барысы, жетістіктері, білім сапасы, тәрбие нәтижелері, оқу - әдістемелік тәжірибе тарату, басылымдарға материалдар жариялауға бағаланатынын түсіндірді.

Балабақша меңгерушісі А. Үсен Педагогтардың кәсіптік санатын көтеру туралы өтінішін қарау және жұмыс тәжірибесін бағалау үшін Аттестаттау комиссиясын құру керектігін айтып төмендегі педагогтарды ұсынды

1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы - А. Үсен
2. Аттестаттау комиссиясының хатшысы - Г. Айтмерзаева
- Аттестаттау комиссиясының мүшелері
3. Әдіскер – М. Байсеитова.
4. Аудандық білім бөлімінің маманы - Ж. Сұранова
5. «Аққу» б\б әдіскері Г. Қарабаева
6. «Мақпал» б\б әдіскері Р.
7. «Еркетай 777» б\б әдіскері - Айгерім
8. Аудандық білім бөлімінің маманы – А. Қайратовна

Талқылау барысында жиналысқа қатысушылар Аттестаттау комиссиясының жаңа құрамын бірауыздан қолдап қуаттады.

Күн тәртібінде келесі мәселе де озық іс-тәжірибе жинақтаушыны бекіту туралы қаралды. Озық іс-тәжірибе жинақтаушыға тәрбиешілер Д. Уразбаева, Р. Ахметова

бектілді. Аталған тәрбиешілер өздерінің шығармашылық жұмыстарының тақырыптық жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе А.Үсен Инновациялық қызмет бойынша Шығармашылық топ комиссиясының құрамын сайлады.

1. Шығармашылық топ комиссиясының төрайымы-меңгеруші: А. Үсен
2. Шығармашылық топ комиссиясының орынбасары-Әдіскер М.Байсейтова
3. Тәрбиеші: Б.Айткулова.
4. Тәрбиеші: Д.Уразбаева.
5. Тәрбиеші: Р.Бухарова
6. Музыка жетекшісі- Б. Мырзакулов

ШЕШІМ:

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру іс-шараларының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын
2. «Адал азамат Бір тұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар күнделікті жүргізілсін.
3. 2025-2026 оқу жылына арналған ЖШС «Дин-Асыл1» бөбекжай балабақшасының жылдық жоспары. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі, педагогтардың перспективаслық жоспары бекітілсін.
4. Аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін;
 1. Аттестаттау комиссиясының төрайымы- А. Үсен
 2. Аттестаттау комиссиясының хатшысы- Г.АйтмерзаеваАттестаттау комиссиясының мүшелері
 3. Әдіскер – М.Байсейтова.
 4. Аудандық білім бөлімінің маманы-Ж.Суранова
 5. «Аққу» б\б әдіскері Г.Қарабаева
 6. «Мақпал» б\б әдіскері Р.
 7. «Еркетай 777» б\б әдіскері-Айгерім
 8. Аудандық білім бөлімінің маманы – А.Қайратовна
5. Озық іс-тәжірибе жинақтаушыға:
Ж.Уркенбаева,
Э.Маханбетова, бекітілсін.
6. Шығармашылық топ комиссиясы құрамы бекітілсін:
 1. Шығармашылық топ комиссиясының төрайымы-меңгеруші: А. Үсен
 2. Шығармашылық топ комиссиясының орынбасары-Әдіскер М.Байсейтова
 3. Тәрбиеші: Б.Айткулова.
 4. Тәрбиеші: Д.Уразбаева.
 5. Тәрбиеші: Р.Бухарова
 6. Музыка жетекшісі- Б. Мырзакулов

Пед. Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А. Үсен
Г.Айтмерзаева

«Дин-Асыл1» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңестің кезекті отырысы
Хаттама№2

Төрайымы А. Үсен
Хатшы-сы Г.Айтмерзаева

Өткізілген уакыты: 04.10.2025
Қатысқандар саны: 18
Қатыспағандар 5

Тақырыбы: «Білім беру процесінде инновациялық технология қолдану»

Өткізу нысаны: Дөңгелек үстек

Мақсаты: педагогтерді белсендіру әдістерін пайдаланып, оларды баланың дамуына инновациялық көзқарас мәселелерінде өзінің құзыреттілігін бағалауға қатысуға тарту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау.
2. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: тамақтануды ұйымдастыру; жуыну кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдылар;
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация)
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» шеберлік сыныбы (кіші топтардың тәрбиешілері).
5. Балалардың бастапқы даму мониторингін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйлеп өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы есеп берді.

1. Балабақшаның жылдық жоспары, күн тәртібі, ҰІӨ кестесі, оқу жұмыс жоспары бекітілді. Балабақша тәрбиешілері мен педагог психологтың, музыка жетекшісінің перспективалық жоспары тексеріліп бекітілді.
2. Аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілді.
3. Озық іс-тәжірибе жинақтаушы бекітілді.
4. Шығармашылық топ комиссиясының құрамы бекітілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тамақтануды ұйымдастыру; жуыну кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруды бақылаудың нәтижелері талқыланды.

Сөз сөйлеу балабақша әдіскері М. Байсеитова, топтарға еніп балалардың тамақтануын ұйымдастыру, жуыну кезіндегі мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру барысын бақылағанын, ортаңғы, ересек, мектепалды, топтарында балалардың тамақтану, жуыну, мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру барысы қанағаттанарлық екенін айтып жеткізді.

--Топ ішінде жағымды эмоциялық көңіл күй мен жақсы орта қалыптастырылған. Балалар үстел үстінде ыңғайлы отырып, қажетті ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілген. Тамақты әкелу, балаларға тарату кестеге сәйкес келеді. Балалардың жуыну бөлмесінде әрбір балаға жеке сүлгілер мен жуғыш заттар қойылған. Балалар өз бетінше бетін-қолын жууға қызығушылығын танытады.

Ал кіші «Қарлығаш» «Жұлдыз» «Айгөлек» «Балапан» «Құлыншақ» топтарында балалар балабақшаға жаңадан қабылданғандықтан бейімделу процестері жүргізілуде.

Сөз сөйлеген балабақша медбикесі Г.Бекбосын өздігінен тамақтануға үйретілмеген балаларды тамақтандыру үшін, тәжірибеге, дұрыс тамақтандыру тәртібі жөнінде кеңестер берді.

-Балалар тамағын ұйымдастыруда, ерекше назар аударатын жайт, баланың бейімделу кезеңіндегі тамақтану тәртібі. Үй тәрбиесіндегі баланың бақша тәрбиесіне өту кезеңі қашанда, анықталған психологиялық қиыншылықтармен бірге өтеді. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым балабақшадағы ортаға бейімделуі қиынға түседі. Осы тұста, көбінесе, баланың ұйқысы бұзылып, тәбеті төмендеп, жалпы ағзасының ауруларға қарсы тұратын қорғаныштық қабаты да әлсірейді. Бала үшін осы кезеңде, дұрыс тамақтандыруды ұйымдастыруды ұйымдастырса, ол ортаға бейімделіп, ұжымға тез үйренеді. Ондай балаларды қолдап тамақтандырыңыз, егер осы кезде бала қарсылық танытса, күштеп тамақтандыруға болмайды. Осы әрекет баланың балабақшаға деген жағымсыз көзқарасын күшейте түседі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеде әдіскер К. Байсеитова Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары туралы әдістемелік кеңестер беріп, таныстырылым (презентация) жасады.

-Инновациялар баланың жеке басына, қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, формаларды, құралдарды, технологияларды анықтайды.

Инновациялық технологиялар-бұл қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістерге байланысты оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әдістер, тәсілдер, оқыту әдістері, білім беру құралдары жүйесі. Дамудың қазіргі кезеңінде білім беру үдерістерінде өзгерістер болып жатыр: мектепке дейінгі тәрбиешілердің назарын шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, эмоционалды-еріктік және қимыл-қозғалыс сфераларын түзетуге аударатын отырып, білім беру мазмұны күрделене түседі, дәстүрлі әдістер баланың танымдық

белсенділігін арттыруға бағытталған оқыту мен тәрбиелеудің белсенді әдістерімен алмастырылады.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеде

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» тақырыбында кіші ««Қарлығаш» «Жұлдыз» «Айгөлек» «Балапан» «Құлыншақ» тобының тәрбиешісі Г.Мирашева мен кіші «Балапан» тобының тәрбиешісі Б.Айткулова өз тәжірибелік шеберлігін өткізді. Кіші топтарда қол ұсақ моторикасын дамытуға арналған түрлі ойын жинақтарын таныстырды.

Сөз сөйлеген балабақша меңгерушісі А.Үсен ойын жинақтарының баланың қол- ұсақ моторикасын дамытуда маңызы орасан зор екенін айта келе іс-тәжірибеде тәрбиешілерге қолдануға кеңес берді.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балалардың бастапқы даму мониторингіне талдау жасалды. Топ тәрбиешілерінің бастапқы мониторинг нәтижесі бойынша жиынтық есеп құрылды. Құзыреттіліктер бойынша төмен деңгейдегі балалардың есебі алынып, жеке даму картасы бойынша қазан-желтоқсан айларында түзету. Дамыту жұмыстарын жүргізуге тапсырмалар берілді.

ШЕШІМ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: тамақтануды ұйымдастыру: жуыну кезіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру барысы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары» тақырыбында әдіскер М.Байсеитова таныстырылымы (презентация) назарға алынсын
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» тақырыбындағы кіші топ тәрбиешілерінің шеберлік сыныбы балалардың қолның ұсақ моторикасын дамытуда назарға алынсын.
5. Балалардың бастапқы даму мониторингіне сәйкес төмен деңгейдегі балаларға жеке даму картасы түзіліп, түзету, дамыту жұмыстары қазан-желтоқсан айларына дейін жүргізілсін.

Пед. Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А. Үсен
Г.Айтмерзаева

«Дин-Асыл» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңестің кезекті отырысы
Хаттама №3

Төрайымы А. Үсен
Хатшы-сы Г. Айтмерзаева

Өткізілген уақыты: 29.12.2025
Қатысқандар саны: 21
Қатыспағандар 5

Дәстүрден тыс тақырыптық педагогикалық кеңес
(цифрлық платформа)

Тақырыбы: «STEM-технология мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру шеңберінде баланы дамытудағы инновациялық тәсіл ретінде».

Мақсаты: педагогтерді белсендіру әдістерін пайдаланып, оларды баланың дамуына инновациялық көзқарас мәселелерінде өзінің құзыреттілігін бағалауға қатысуға тарту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі.
3. «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесімен таныстыру (біліктілік санатын жоғарылатуға үміткер педагогтер, озық іс-тәжірибеде жинақтаушылар).
4. Балалардың аралық даму мониторингін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі А. Үсен жиналысты ашық деп жариялап, қатысушыларды алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады және бүгінгі педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері М. Байсеитова сөз сөйлеп өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы туралы есеп берді.

1. Балабақша педагогтары мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары бойынша ізденіп іс-тәжірибе жинақталуда.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту барысында кіші топ тәрбиешілерінің шеберлік сыныбында ұсынған ойын технологиялары қолданылуда.
3. Балалардың бастапқы даму мониторингіне сәйкес төмен деңгейдегі балаларға жеке даму картасы түзіліп, түзету, дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеде балабақша меңгерушісі А. Үсен сөз сөйлеп тақырыптық бақылаудың нәтижелері бойынша : балабақша педагогтарының балаларға тәрбие мен білім беруде STEMтехнологиясын қолданылуы орташа дәрежеде екенін айтты. Топтарда қоршаған әлем объектілерімен тәжірибе жасауды, Робототехниканы дамыту қажет деді. Әрі қарай STEM технологиясының баланың дамуының инновациялық тәсіл ретінде тиімділігі туралы талқыланды.

Сөз сөйлеу балабақша әдіскері М.Байсеитова

-STEM оқытудың жетекші компоненті эксперименттік және инженерлік қызмет болып табылады. Ойын түрінде балалар санауды, өлшеуді, салыстыруды, қарым-қатынас дағдыларын меңгеруді үйренеді. Таныс пәндердегі балалар жаңа және өздеріне белгісіз қасиеттерді анықтайды. Көңілді ойын түріндегі еркін іс-шаралар қиял мен шығармашылық дамытады.

Бағдарламаға келесі білім беру модульдері кіреді:

«Фребельдің дидактикалық жүйесі» (қоршаған әлем объектілерімен тәжірибе жасау)

«Математикалық даму» білім беру модулі (математикалық дамудың міндеттері келесібағыттар бойынша шешіледі: шамасы, кеңістігі, формуласы, уақыты)

«Тірі және жансыз табиғатпен тәжірибе жасау» білім беру модулі (тәжірибелер мен эксперименттер)

«Лего-құрастыру»білім беру модулі (пәндердің топтастыра білі)

«Балабақшадағы» мультстудия» білім беру модулі (ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгеру)

«Робототехника» білім беру модулі (жоспарлау, модельдеу қабілеттерін дамыту)

Инженерлік ойлауға арналған 11 ойын стилі бар: тұздалған қамыр, пластилин, картон конструкторы, геометр, астрономиялық геоборд, флексо, ағаш ойыншық «Дженга», спирограф, блогтардан жасалған ағаш конструктор, Лего конструкторы, робототехника.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жүйелі түрде оқыту-бұл танымдық іс-әрекет процесінде интеллектуалды қабілеттерін дамытуға және ғылыми-техникалықшығармашылыққа баулуға бағытталған мектепке дейінгі білім берудің ішінара модульдік бағдарламасы.

Бағдарламаға не кіреді және қандай тәрбиелік міндеттер шешілуде (слайдтар көрсетілді):

Заманауи әдістеме балаларды ғылыми және шығармашылық жұмыстарға оңай және оңай тартады. Бұл ересек өмірбге қажетті интеллектуалды қабілеттердің жүйелі дамуына ықпал етеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеде «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесі-мен таныстырумен жалғасты. Озық іс-тәжірибе жинақтаушы, біліктілік санатын көтеруге үміткер Д.Уразбаева өзінің жинақталған іс-тіжірибесімен болісті.

Балалардың ой-өрісін, танымын қабілетін, ептілігін, коммуникативтілігін дамытуда асық ойындарының маңызы зор екенін айта отырып асықпен ойналатын үстел үсті ойын түрлері және ойын ережелерімен, қолдану барысымен кеңінен таныстырылды.

Д. Уразбаева іс-тәжірибесін талқылауда педагогтар өз пікірлерін білдірді

Сөз сөйлеген тәрбиеші Ж.Уркенбаева

-А. Нарманованың ұсынған асықпен ойнатылатын үстел үсті ойындары баланың меңгеруіне өте жеңіл, әрі қызықты, тәрбиелік маңызы зор, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ойын екен, осы ойындарды өз іс-тәжірибеме енгізетін боламын.

Күн тіртібіндегі төртінші мәселе балалардың аралық даму мониторингіне талдау жасалды. Топ тәрбиешілерінің аралық мониторинг нәтижесі бойынша жиынтық есеп құрылды. Құзыреттіліктер бойынша төмен деңгейдегі балалардың есебі алынып, жеке даму картасы бойынша қаңтар-мамыр айларында түзету, дамыту жұмыстарын жүргізуге тапсырмалар берілді.

ШЕШІМ:

1. №2-Педагогикалық кеңестің шешімдердің орындалу барысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізу назарға алынсын.
3. Озық іс-тәжірибе жинақтаушы Д. Уразбаева жұмыс тәжірибесі балабақша ішіндегі тәрбиелеу процесінде, ҰІӨ, дербес әрекеттер кезінде қолданылсын.
4. Балалардың аралық даму мониторингіне сәйкес төмен деңгейдегі балаларға жеке даму картасы тізіліп, түзету, дамыту жұмыстары қаңтар-мамыр араларына дейін жүргізілсін.

Пед. Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А. Үсен
Г.Айтмерзаева

ЖШС «Дин Асыл» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.
ХАТТАМА №5

Өткізілген уақыты: 22 мамыр 2026 жыл

Төрайымы: А.Үсен

Қатысқандар саны: 18

Хатшысы: Г.Айтмерзаева

Қатыспағандар саны: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Озық әс-тәжірибие жинақтаушының жұмысын талдау.
3. Педагог қызметкерлерінің кәсіптік санатын көтеру туралы.
4. Балаларының қорытынды диагностикалық кезеңдерін бақылаудың нәтижесі.
5. Жазғы демалыс уақытындағы іс-шарлар жоспарларымен күн тәртібі кестесін бекіту.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі А.Үсен, өткен
педкеңесте қаралған мәселелердің шешімін атап
өтіп, орындалғаны немесе орындалмағаны туралы талқылады.

Сөз сөйлеген балабақша әдіскері: М.Байсеитова өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде есеп берді.

1. Наурыз айының 30 на тәрбиешілер арасында балабақша ішілік «Үздік тәрбиеші» байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Педагоктар байқау барысында өздерінің кәсіби білімдері мен ізденім паздықтарын, шығармашылықтарын көрсетіп, іс-тәжірибелерімен бөлісті.
2. Ата-аналардың бала тәрбиесінде тәрбиешілермен ынтымақтастықта жұмыс жасауы, баланың балабақшадағы өміріне қатысуы үшін педагоктар ата-аналарға түрлі үгіт насихаттары жүргізіп, дөнгелек үстелдер ұйымдастырылып өткізілді.
3. Танымдық-зияткерлік дағдылар бойынша даму деңгейі орташа, төмен балалармен педагоктар жеке даму картасына сәйкес жұмыстар жүргүзілді.

ШЕШІМ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2. ТЫҢДАЛЫМ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе озық іс-тәжірибе жинақтаушының жұмысын талдау туралы болды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: бөбекжай-балабақшасының әдіскері: М.Байсеитова

-Тәрбиеші Б.Айткулова «Балалардың білім дағдыларын ойын арқылы дамыту» тақырыбында іс-тәжірибе жинақтады. 2023 жылы аудан көлемінде ұйымдастырылған «Педагогикалық идеялар» фестибаліне қатысып, іс-тәжірибесімен бөлісіп 3 орынмен марапатталды. 2024 жылы ақпан айында аудан педагогтеріне арналған әдістемелік-теориялық конференцияда үздік іс-тәжірибесімен бөлісіп, жоғары кәсіби шеберлік танытқаны үшін аудандық білім бөлімінен марапатталды. Музыка жетекшісі Б.Мырзакулов «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытуда музыкалық ойыншықтар мен аспаптарды қолданудың тиімділігі» тақырыбында іс-тәжірибе жинақтады. 2023-2024 оқу жылында іс-тәжірибесін қорғап, аудан, обылыс деңгейінде ұйымдастырылған «Педагогикалық идеялар» фестиваліне қатысып аудандық және обылыстық білім басқармасынан 1 орынмен марапатталды.

ШЕШІМ:

1. Педагог қызметкерлер Б.Айткулова мен Ж.Куралбаева жинақтаған іс-тәжірибесі балабақшаның оқу-тәрбие процесінде қолдану назарға алынсын.

3. ТЫҢДАЛАДЫ:

Келесі мәселед педагог қызметкерлердің кәсіптік санатын көтеру туралы талқыланды.

Сөз сөйлеген балабақша меңгерушісі: А.Үсен

-2024-2025 оқу жылында өзінің кәсіптік санатын педагог-модератор санатына көтеру туралы педагог қызметкерлер Р.Ахметова өтініш берген болатын. Аталған педагогтар білім деңгейін дәлелдеу үшін сәуір айында ұлттық біліктілік тестін сәтті тапсырды. Аттестаттау комиссиясы және сараптау кеңесі мүшелері педагогтардың ұйымдастырылған іс-әрекеті мен іс-шараларына қатысып бағалау парақтарын толтырды. Кәзіргі күнде іс-материалдары жинақталып (портфолио), бөбекжай-балабақшаның сараптау комиссиясы қарауына жіберілуге дайын.

Сөз сөйлеген әдіскер: М.Байсеитова педагогтардың іс-материалдарын қарауға, сараптау кеңесіне жіберу үшін балабақша жанынан **merey_attestazia 2024 @ mail.ru** поштасы ашылғанын және келесі 2025-2026 оқу жылына педагогтардың кәсіптік санатын көтеруге өтініштер қабылданатынын хабарлады. Сонымен қатар педагогтарды аттестаттаудың жаңа қағидаларымен (72 қаулы) қайта таныстырды.

ШЕШІМ:

1. Педагогтардың іс-материялдарын жинақтап, сараптау кеңесіне жіберу, электронды поштаға жүктеу үшін әдістемелік көмек беру әдіскер
2. М.Байсеитова жүктелсін.
3. 2025-2026 оқу жылына педагогтардың кәсіптік санатын көтеруге өтініштер қабылданын.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі келесі мәселеде балалардың қорытынды диагностикалық кезеңдерін бақылаудың нәтижесі талқыланды.

Сөз сөйлеген: әдіскер М.Баймсеитова

-Қортынды мониторинг жас ерекшелігіне қарай барлық топта жасалып толтырылды. Балалардың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру дағдылары жиынтық есеп бойынша төмендегіше анықталды.

Топтар	Бала саны	Олардың ішінде жоғары деңгей	%	Олардың ішінде орташа деңгей	%	Олардың ішінде төмен деңгей	%
Кіші топтар	40	21	53	15	37	4	10
Ортаңғы топтар	25	13	51	10	41	2	8
Ересек топтар	45	25	55	17	39	3	6
Мектепалды топтар	20	14	69,99	5,07	25,34	0,93	4,67
Барлығы	130	72,56	55,81	47,59	36,61	9,85	7,57

ШЕШІМ:

1. Балалардың қорытынды диагностикалық кезеңдерін бақылаудың нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі келесі мәселеде, жазғы демалыс уақытындағы іс-шаралар жоспарлары мен күн тәртібі кестесін бекіту талқыланды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі А. Үсен педагогтарды ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі №3 хаттамалық шешімімен ұсынылған мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныммен таныстырды. Бөбек жасындағы және Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған (3

және 4 қосымшалар) жазғы сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарының үлгісімен таныстырып, жас ерекшелігіне қарай топтардың преспектива жоспарын жоспарлауда үлгіге сүйеніп жасауды ұсынды. Педагогтарды жазғы сауықтыру шараларының мақсат-міндеттерін түсіндірді. Жаз мезгіліндегі басты мақсат, балалардың денсаулығын нығайту, сауықтыруды қамтамасыз ету болып табылады- деді.

Сөз сөйлеген: бөбекжай-балабақшасы әдіскері М.Байсеитова педагогтарды Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары осы әдістемелік ұсынымға сүйеніп жасалынғанын түсіндірді. Жас ерекшелігіне қарай тотоптардың жаз мезгіліндегі күн тәртібі кестесін таныстырды. Сонымен қатар Әдістемелік ұсынымның 3 және 4 қосымшаларына сәйкес балалармен өткізілетін әрбір сауықтыру шаралары күн тәртібі кестесіне сай жүргізілуі керек екені еске салды.

Жарыс сөздер педагог қызметкерлер жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының әр бөлімін және күн тәртібі кестесін талқылай келе бекітуді бір ауыздан қолдап – қуаттады.

ШЕШІМ:

1. Жазғы демалыс уақытындағы жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары мен күн тәртібі кестесі бекітілсін.
2. Жоспар бойынша іс-шаралрдың өз мерзіміне ұйымдастырылып өтілуі назарға алынсын.
3. Жас ерекшелігіне қарай топтардың жазғы сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары Әдістемелік ұсынымның 3 және 4 қосымшасына сәйкес тузілетін.

Пед. Кеңес төрайымы:
Хатшы:



А. Үсен
Г.Айтмерзаева

